

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 934 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 ақпан N 186

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жергілікті қаржы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі N 934 Р990934_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2 және 2-3-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісім бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен аумақтық қаржы органдарының мүлкін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

2-2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің аумақтық қаржы

органдары таратылсын.

2-3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен аумақтық қаржы органдарын таратуды жүзеге асырсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.